

**«ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫ ТАҢДАУ (ӨЗГЕРТУ)
ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫҢ
СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ СЕНІМГЕРЛІК
БАСҚАРУЫНА ҚАЙТАРУҒА ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН
АЛУШЫНЫҢ ЖАДЫНАМАСЫ**

«Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініш беру электрондық қызметін мынадай:



зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру құқығы болған



салымшыда қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған



«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасынан (бұдан әрі – ЖТ МДБ) салымшының жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылығы мен өзектілігі туралы мәліметтер расталған жағдайларда **пайдалануға болады**



Қызмет салымшыға тәулік бойы қолжетімді (техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДБ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда)

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) аударылған жеке тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына берілуге жататын зейнетақы жинақтары:

- МЗЖ салымшысының, өзі үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның ИПБ таңдауы (өзгертуі) туралы өтініші келіп түскен күнге осы тұлғаның жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтары сомасының елу пайызынан аспайды;
 - сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда олардың ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспайды.
- ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беруге жататын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ЕЗЖ есепке алуға арналған ЖЗШ-да бар зейнетақы жинақтарынан аспайды.

Зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін салымшы БЖЗҚ-ға:

- өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ға сенімгерлік басқаруына беруге (бірінші аударылған күннен бастап **бір жылдан кейін**);
- ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) сенімгерлік басқаруына қайтаруға (зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап **бір жылдан кейін**) өтініш беруге құқылы.

«БЖЗҚ» АҚ САЙТЫНДА САЛЫМШЫНЫҢ АВТОРЛАНУЫ

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге екі тәсілмен кіруге мүмкіндік береді:



ЭЦҚ кілті арқылы



логин (ЖСН) және пароль арқылы

ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ

KZ

ЖСН *

Құпиясөз *

ЖСН-ды еске сақтау

Жеке кабинетке кіру

[Тіркелу/Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?](#)

ЭЦҚ арқылы кіру

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ І-ші ТӘСІЛІ


ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы авторлану

Қызметке қол жеткізу салымшының міндетті түрде авторлануын қажет етеді. ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі - БҚ) болуы міндетті.



Орнатылған БҚ болмаған жағдайда орнату файлын NCALayer БҚ арқылы жүктеп алуға болады. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушының нұсқамасы ҚР Ұлттық куәландыру орталығының сайтында мына сілтеме <https://pki.gov.kz/ncalayer/> бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (файл сертификаты деп аталатын), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалог терезесін басып, осы файлға жолды көрсету керек.

Интернет-ресурста авторлану үшін аудентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет екенін ескергеніңіз жөн (файл атауы **AUTH_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, диалог терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу қажет. java-апплет файлға рұқсат алу үшін пайда болған диалог терезеде кілт сақталған жерден парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басып, содан соң «Қол қою» батырмасын басу арқылы өзіңіздің іс-әрекетіңізді растауыңыз қажет




Сертификатты таңдау



ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ



Пайдаланушылар сайтта өз бетінше тіркеліп, интернет-ресурста әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль қояды. Тіркелу үшін тиісті бөлімше нысанында өзінің деректемелерін көрсету керек:




* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі болуы тиіс

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ



БЖЗК сайтындағы Жеке кабинетте авторизациялаудан өткеннен кейін «Қызметтер» бөлімінде «Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініш беру» қосымша бетіне өту қажет



Электрондық өтініш нысанын толтыру алдында «Иә» немесе «Жоқ» батырмасын басу арқылы ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына зейнетақы жинағын аударуды растауды талап ететін хабарлама шығады:

Хабарландыру ×

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Құрметті салымшы (алушы)!

Бұл қызмет инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы өтініш немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініш беруге арналған.

Төмендегілерді ескерген жөн:

- зейнетақы жинақтарын басқа инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аудару мүмкіндігі зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап бір жыл өткен соң ғана қолжетімді болады;
- зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару мүмкіндігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына бастапқы берілгеннен кейін бір жыл өткен соң ғана қолжетімді болады.

Егер зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емдеу ақысын төлеу мақсатында пайдаланғыңыз келсе, Сізге тиісті уәкілетті оператордың интернет-ресурсына өтініш беру керек.

Сіз өтініш бергіңіз келетінін растайсыз ба?

«Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер» БЛОГЫ

Төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДБ ақпараттық жүйелерінен автоматты түрде толтырылады:

- ✓ Құжат түрі (жеке басты куәландыратын қолданыстағы бірнеше құжат болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)
- ✓ Сериясы (бар болса)
- ✓ Құжат нөмірі
- ✓ Берілген күні
- ✓ Қолданыс мерзімі
- ✓ Кім берді

1 Құжат типі

Құжат типі	Құжат нөмірі	
ЖЕКЕ КУӘЛІК	Сериясы 111111111	
Берілген күні	Қолданылатын мер...	Кім берді
06.09.2019	05.09.2029	МВД РК

ЖТ МДБ-да қолданыстағы бірнеше құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда қажетті құжат түрін таңдау мүмкіндігі беріледі. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ АЖ-дағы мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

«МЕКЕНЖАЙ» БЛОГЫ

2 Мекенжай

"Қазпочта" АҚ сервисін қосу

Мекенжай * Облыс, қала, көше, үй (қатаң түрде кириллица әріптерімен толтырылады)

Пәтер Индекс



Ескерту: «Қазпочта» АҚ сервисі қосылған кезде шыққан тізімнен мекенжай деректерін таңдау мүмкіндігі бар

«БАЙЛАНЫСУ ДЕРЕКТЕРІ» БЛОГЫ

3 Байланыс деректері

Электрондық мекенжай Ұялы телефон

primer@mail.ru 8 (701) 111-1111

! *Байланысу деректерінде салымшының өзіне тиесілі ұялы телефон нөмірін көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық жіберілімдерді жіберу үшін БЖЗҚ пайдаланатын болады.*

«Аудару талаптары» БЛОГЫ

«ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫ ТАҢДАУҒА» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІДЕН (ҚРҰБ) ИПБ-ҒА



байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудар мақсатын таңдау);



Шарт (қажет ЖЗШ таңдау);



- ҚРҰБ-дан (ұйғарым бойынша ҚРҰБ);
- ИПБ-ға;
- Аударым сомасы (соманы енгізу);
- Жасалған күн (күні және Астана қ. уақытына сәйкес келеді) зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын.

4 Аудару талаптары

Байланысты

- инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға
- инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісімшарт *

(МЗЖ):

Сенімгерлікке аударыңыз

Жіберуші *

Алушы *

Аударым сомасы *

Дайындалған күні

«ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ»



байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудар мақсатын таңдау);




Шарт (қажет ЖЗШ таңдау);



Зейнетақы жинақтарын:

- Ішінара аудару/қосалқы шоттағы бар қаражат көлемінде (аудару түрін таңдау);
- ИПБ-дан (жинақтар аударылатын ИПБ-ны таңдау);
- ИПБ-ға (жинақтар аударылуы тиіс ИПБ таңдау);
- Аударым сомасы (тек ішінара аударымды таңдаған кезде ғана соманы енгізу керек);
- Жасалған күн (күні және Астана қ. уақытына сәйкес келеді) сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын.



Назар аударыңыз!

4 Аудару тал

Күрметті салымшы! БЖЗК-ға ИПБ өзгертуге өтінішті қаражат ИПБ-ға аударылған күннен бастап бір жыл өткен соң ғана беруге болады.

Байланыс

инвест

инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісіншарт *

(МЗЖ):

Сенімгерлікке аударыңыз

Жартылай аударым Қосалқы шоттағы қаражат мөлшерінде

Жіберуші *

Алушы *

АО «BCC Invest» УИП АО «JUSAN INVEST»

Аударым сомасы Дайындалған күні

100|

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНЕ ҚАЙТАРУҒА »

- байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына аудару мақсатын таңдау);
- Шарт (қажет ЖЗШ таңдау);
- Зейнетақы жинақтарын :
 - Ішінара аудару/қосалқы шоттағы бар қаражат көлемінде (аудару түрін таңдау);
 - ИПБ-дан(жинақтар аударылатын ИПБ таңдау);
 - ҚР ҰБ (ҚР ҰБ таңдау);
 - Аударым сомасы (тек ішінара аударымды таңдаған кезде ғана соманы енгізу керек);
 - Жасалған күн (күні және Астана қ. уақытына сәйкес келеді) сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын.

4 Аудару талаптары

Байланысты

- инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға
- инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісімшарт *

(МЗЖ):

Сенімгерлікке аударыңыз

- Жартылай аударым
- Қосалқы шоттағы қаражат мөлшерінде

Жіберуші *

АО «BCC Invest»

Алушы *

Қазақстан Республикасының Ұлттық Б...

Аударым сомасы *

Дайындалған күні

02.03.2023

Ақпараттық блок

Мен:

✓ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 37-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударуды жүзеге асырған адамдарға мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударған күннен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 207-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейін кезек ішінде жүзеге асырылған нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) «БЖЗК» АҚ-дағы МЗЖ, МКЗЖ мөлшерінде сақталуына келілікті беретінімен;

✓ зейнетақы жинақтарымды бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға «БЖЗК» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап бір жылдан кейін бере алатынымнан;

✓ инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарымды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға «БЖЗК» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап бір жылдан кейін қайтаруға болатынымнан; Егер зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушыға таңдау туралы өтінішке сәйкес сол бір инвестициялық портфельді басқарушыға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару зейнетақы жинақтарымды сенімгерлік басқаруға бастапқы берген күннен бастап бір жылдан кейін жүзеге асырылады;

✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударылатынымнан хабардармын;

✓ және зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударуға, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға, оның инвестициялық стратегиясын/инвестициялық декларациясын таңдауға, сенімгерлік басқару нәтижелеріне, инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару үшін комиссиялық сыйақысын өзгертуге байланысты тәуекелдерді қабылдаймын.

«БЖЗК» АҚ-ға, БСН 971240002115:

-Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда ғана, «БЖЗК» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесінде айқындалған менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға беруге және трансшекаралық беруге (жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату құқығынсыз);

-ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы менің телефон нөміріме және (немесе) электрондық мекенжайыма ақпараттық жіберілімдерді алуға өзімнің келісімді беремін.

Мен осы келісімді «БЖЗК» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін орындағанға дейінгі мерзімге, оның ішінде www.eprf.kz мекенжайы бойынша «БЖЗК» АҚ веб-сайтында орналасқан «БЖЗК» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесінде айқындалған міндеттерді орындау мақсатында бердім және таныстым.

Өтініште көрсетілген барлық деректемелерді дұрыс екенін және тексергенімді растаймын.

ЭЦҚ-мен қол қою

Артқа қайту

! *Өтініштің барлық жолдарын толтырғаннан кейін барлық деректемелердің дұрыстығын тексеру қажет. Қажет болған жағдайда ЭЦҚ кілтінің көмегімен қол қойылғанға дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына зейнетақы жинақтарымды аударуға арналған өтініштің күшін жоюға болады.*




Өтінішке қол қою



Өтініш толтырылғаннан кейін **ЭЦҚ-мен қол қою** батырмасын таңдау қажет, ол барлық толтырылуы **міндетті** жолдар толтырылғанда белсенді болады

Келісілген жағдайда Өтінішке қол қоюға арналған ЭЦҚ таңдау терезесі пайда болады (файл атауы RSA-дан басталады)

Сертификатты таңдау



Қызметті көрсету кезінде техникалық мәселелер туындаған кезде экранға тиісті хабарлама шығады

ӨТІНІШТІҢ КҮШІН ЖОЮ



БЖЗҚ көрсетілген өтінішті орындағанға дейін, яғни зейнетақы жинақтарын ЖЗШ-дан есептен шығарғанға дейін ИПБ-ны таңдау (өзгерту) туралы немесе ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініштің **күшін жоюға болады**.
Күшін жою туралы өтініш негіздемені, яғни салымшының жеке қабылдаған шешімін көрсетуді талап етпейді.
Күшін жою туралы өтінішке негіздеме керек емес, яғни салымшының жеке шешімі. **Өтініш қате берілсе де, орындалған өтініштің күшін жою мүмкін емес екенін атап өткен жөн.**



БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинеттің «Қызметтер» бөліміндегі «Менің төлемге/аударымдарға өтініштерім» қосымша бетінде өтініштің күшін жоюға болады

Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім

* күшін жою «Өңдеуге қабылданды» мәртебесі бар зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға арналған өтініштер үшін ғана қолжетімді

№	Қолданба түрі	Шарт түрі	Өтініш берілген күн	Өтінім №	БЖЗҚ-да өтініштің күйі
1	Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлікпен басқаруына аударуға өтініш	МЗЖ	30.03.2021	981	Бас тартты
2	Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлікпен басқаруына аударуға өтініш	МЗЖ	08.02.2022	6198	Өңдеуге қабылданды

Өтініштің күшін жою



«Өңдеуге қабылданды» деген мәртебесі бар өтініш түрін таңдау батырмасын басқан кезде аударымның жай-күйі туралы толық ақпарат ашылады және «Өтініштің күшін жою» өрісін басу арқылы өтініштің күшін жою мүмкіндігі бар:

Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім ✕

* күшін жою «Өңдеуге қабылданды» мәртебесі бар зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға арналған өтініштер үшін ғана қолжетімді

№	Қолданба түрі	Шарт түрі	Өтініш берілген күн	Өтінім №	БЖЗҚ-да өтініштің күйі
1	Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлікпен басқаруына аударуға өтініш	МЗЖ	30.03.2021	981	Бас тартты
2	Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлікпен басқаруына аударуға өтініш	МЗЖ	08.02.2022	6198	Өңдеуге қабылданды

Төлемнің / аударымның аяқталу мерзімі
08.02.2022

Өтінімнің БЖЗҚ-ға келіп түскен күні
10.03.2022 09:36:04

Өңдеуге қабылданды

Өтінімнен бас тарту

Өтініштің күшін жою



Содан кейін **ЭЦҚ-мен қол қою** батырмасын таңдау керек, бұл батырма «Келісемін» қанатбелгісін таңдаған кезде белсенді болады. Келіскен жағдайда ЭЦҚ кілті арқылы өтінішке қол қою рәсімін жүргізу қажет. Әрекетті растағаннан кейін аталған өтініштің мәртебесі «Күші жойылды» деген мәртебеге өзгереді.

Салымшының инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтінішін жою туралы


ӨТІНІШІ

Мен, _____ инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару туралы 08.02.2022ж. № 6198 өтінішімнің күшін жоюды сұраймын.

Жасалған күн _____

Келісемін

ЭЦҚ-мен қол қою Артқа қайту





Рақмет!

